



БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

1-бет

Нефтяники сделали свой выбор

2-бет

«Қаражанбасмұнай» АҚ тәжірибеге бағытталған оқығуды бастады: студенттер вахтаға кетеді

3-бет

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларына «Нейрон» көпсалалы медициналық орталығы қызмет көрсетеді

4-5-бет

Ер дәулеті – еңбек

6-бет

Предупредить – значит защитить: алгоритм действий группы компаний «Қаражанбас»

Біздің әріптес: «Алтын қолды» автоэлектрик

7-бет

Суреттер сыр шертеді: Валентин Токаревтың еңбек жолы

Жастардан жыр эстафетасы

8-бет

Коронавирустан қалай қорғанып жүрсіз?

НЕФТЯНИКИ СДЕЛАЛИ СВОЙ ВЫБОР

Нефтяники АО «Қаражанбас мұнай» (дәлірек – Общество) проголосовали на очередных выборах депутатов Мажилісі Парламенті РК и масліхатов. В электоральном процессе приняли участие 2850 вахтовых работников. Свой гражданский долг выполнили и руководители Общества.

В связи с тем, что вахтовые работники находятся вдали от дома, избирательный участок был организован на месторождении. На месте созданы все условия для работы избирательной комиссии. Участок № 236, закрепленный за Тупқарағанским районом, начал свою работу в семь утра. Координацией голосования занимался Общественный штаб

АО «Қаражанбасмұнай». Строго соблюдались карантинные меры: дистанция и средства индивидуальной защиты. Члены комиссии отмечают высокую явку, активность избирателей, а также прозрачность и дипломатичность всего процесса. В свою очередь, нефтяники говорят, что в едином порыве проголосовали за развитие и светлое будущее всей страны.

«Сегодня важный день для всей страны. Каждый гражданин сделал свой выбор, в том числе и я. Считаю, что важен голос каждого из нас, ведь мы выбираем развитие и благополучие», – отметил мастер газового цеха Берик Еремқбаев.





«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫ БАСТАДЫ: СТУДЕНТТЕР ВАХТАҒА КЕТЕДІ

«Қаражанбасмұнай» АҚ мен «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ арасындағы меморандумды жүзеге асыру аясында бір топ студент вахталық әдіспен кен орнындағы тәжірибеге бағытталған оқытуға барады. Болашақ мұнайшылармен кездескен «Қаражанбасмұнай» АҚ Басқарма өкілдері жалынды жастарға жылы лебізін білдіріп, студенттердің кен орнынан жинайтын тәжірибесі алған білімін шындай түсетініне сенім білдірді.

«Өздеріңізді компаниямыздан көргенімізге қуаныштымыз. Сіздерге өндіріс сала сының майталмандарынан тәжірибе жинап, көрген-білгенін бойыңызға сіңіру мүмкіндігі туып тұр. Бұл кез келген адамға бұйыра бермейтін бақыт. Ең алдымен кен орнындағы қауіпсіздік ережесіне аса назар аударыңыздар. Біз өз кезегімізде сіздер үшін бар жағдайды жасап отырмыз. Алған тәжірибеңіз пайдаға жарап, осы саланың бетке ұстар маманына айналады деген сенімдеміз», – деді «Қаражанбасмұнай» АҚ Басқарма мүшелері.

Өндіріс орнындағы жұмыстың қыр-сырын үйрету үшін әр студентке жетекші бекітілді. Олар болашақ мамандарды мұнайшылар қалашығының тынысымен таныстырып, технологиялық және өндірістік процестердің қалай жүзеге асатынын көрсетеді. Ал студенттердің алғашқы кезеңі ақпан айының бесінен бастап вахтаға аттанады.

«Кен орнына баратын студенттер 8-10 ай көлемінде химиялық су тазарту аппаратышысы, электромонтер, токарь, бақылау-өлшеу

құрылғылары және автоматика бойынша жөндеушілер, дефектоскопист сияқты қажетті мамандықтар бойынша бес бағытқа бөлінеді. Айта кететін жайт, мұндай тәжірибеден өту жобасы пилоттық режимде жүзеге асып отыр. Біз болашақта осындай мамандықтар бойынша білім алып, еңбекке араласатын жастар санын көбейтуді көздейміз», – деді персоналмен жұмыс жөніндегі департамент директоры Гибрат Ауғанов.

Жақын күндері кен орнындағы қызық та қиын жұмысты өз көзімен көріп, мұнайшылармен бір ауысым өткізуге дайын студенттер дән риза. «Электроэнергетика» мамандығын тәмамдағалы отырған биылғы түлек Бүркіт Нұртасұлы білікті мамандардан мол тәжірибе алатынына кәміл сенеді.

«Еліміздің мұнай өндіру саласындағы еңселі компаниялардың бірі «Қаражанбасмұнайда» машықтануды екіншісі қалайтыны белгілі. Сүйіп таңдаған мамандығым болған соң, тәжірибеден осы өндіріс орнында өтетініме шын қуаныштымын. Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық. Сондықтан бұл біз үшін ұмытылмас тәжірибе болатынына сенімдімін. Осын дай мүмкіндік беріп отырған компания басшылығына алғыстан басқа айтарым жоқ», – дейді ол.

Ел болашағы – білімді ұрпақ. Ал өндіріске бет бұрған жастарға осындай мүмкіндік ұсынып отырған «Қаражанбасмұнай» АҚ тәжірибеге бағытталған оқыту кезіндегі барлық шығынды өз мойнына алады. Басты мақсат – білім таразысының басында теория мен тәжірибенің тең болуы.





«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА «НЕЙРОН» КӨПСАЛАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

«Қаражанбасмұнай» АҚ мен кәсіподақ ұйымы арасындағы келісімге сәйкес әлеуметтік пакет бойынша Қаражанбас компаниялар тобы жұмысшылары толық медициналық тексеруден өте алады.

Ал 2021 жылдан бастап аталмыш қызметті «Нейрон» көпсалалы медициналық орталығы ұсынбақ. Енді қоғам жұмысшыларынан бөлек, олардың отбасы мүшелері, нақты рақ айтсақ ата-анасы, жұбайы немесе балалары сапалы медициналық қызметті пайдалана алады.

«Біздің клиника жеке қызмет көрсету бойынша қаладағы үздік медициналық мекемелердің бірі. Бұған дейін де мұнай компанияларымен серіктестікте жұмыс істеп келеміз. Олардың денсаулығы жолында 30-ға тарта мамандық бойынша 270 ақ халатты қызмет етуге дайын», – деп атап өтті өндірістік медицина бойынша бас дәрігердің орынбасары Қарлығаш Құдайбергенова.

Компания жұмысшылары көпсалалы клиникаға келіп, тексерілуді бастап кетті. Солардың бірі кен орнындағы пайдалану, жабдықтау, икемдеу, жөндеу цехының инженері Бекзат Жайлаубаев. Медицина мамандары оны тексеріп, «екі жақты гайморит» диагнозын қойды.

«Бүгіннен бастап ем-дом қабыл дап бастап жатырмын. Тез жазылып кетемін деген ойдамын. «Нейрон» қызметкерлеріне, дәрігерлеріне үлкен рақмет. Қолдан келген көмек терін жасап жатыр», – деді Бекзат Жайлаубаев.

Айта кететін жайт, былтырдан бастап штаттық қызметкерлер мен қатар аутстаф-финг бойынша «Industrial Service



Resources» ЖШС жұмысшылары да дәрігерлер көмегіне тегін жүгіне алады.

«Денсаулығымға ешқандай шағымым болмаса да, жұмыс ауысымынан келген сайын толық тексеруден өтіп тұрамын. Бізді бірінші рет «Нейрон» клиникасына қосып жатыр. Өзімнен бөлек, отбасымнан екі адамды емдеуге болатынын естіп, қуанып қалдым. Терапевт дәрігер тексеріп, емдік массаж жазып берді. Қаражанбас бас-

шыларына рақмет айтамын», – деп қабат қысымын ұстау цехының операторы Жәнібек Мамай ризашылығын білдірді.

Денсаулығына алаңдаған кез келген мұнайшыны «Нейрон» көпсалалы медициналық орталығы қабылдауға толық дайын. Жоспарлы тексеруден бөлек дәрігер бекіткен барлық ем-дом тегін, бастысы сапалы жүргізіледі. Себебі Қаражанбас үшін қызметкер денсаулығы – басты құндылықтың бірі.





ЕР ДӘУЛЕТІ – ЕҢБЕК!

Қара алтынды игеру жолында тер төгетін әр мұнайшы уақытпен санаспайды, ауа райының қолайлы кезін де таңдамайды, тіпті атқарған жұмысы үшін мақтау күтпейді. Жұмыс кестесіне мереке күні де демалыс қарастырылмаған. Себебі, бүкіл елдің әл-ауқаты олардың жұмысына тікелей байланысты. Қаражанбас жер қойнауын игерушілер өлкенің басты байлығы – қара алтынды өндіруде.

Қаражанбас кен орны Маңғыстау мұнай-газ өнеркәсібінде маңызды орын алады. Басылымның әр санында оқыр маңымызды саланың даму тарихымен тағдыры мәңгілікке тоғысқан мыңдаған қаражанбастық пен таныстырамыз. Солардың бірі – топтық қондырғы аумағында жұмыс бригадасының құрамында күнделікті өндіріс көлемінің орындалуын, сорғының қысымын және ұңғымадағы барлық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін бақылайтын Азат Баймұханов.

Кейіпкеріміз №2 мұнай өндіру цехының 6 дәрежелі операторы. Оның еңбек жолы әскерден келгеннен кейін, 1982 жылдың қаңтар айында басталды. Жас маман алғашқыда кен орны жұмысына слесарь болып кіріскен. Бұл шақ Қаражанбаста игеру жұмыстары жүріп жатқан кез еді.

«Қаражанбас кен орнына жұмысқа келген жылдарымда өндірістегі жағдай қиындау еді. 1982 жылы қазіргідей жағдайды елестету мүмкін емес еді. Жаздың таңдай кептіретін ыстығы мен қаңтардың сүйектен өтер ызғарында өндіріс жұмысында жүрдік, түнде вагонға түнейтінбіз.

Жағдайға қарамастан қажырлы еңбек ете жүріп, шаршадық деп айтпадық. Қаражанбаста жауын жауса, лайдан аяқ алып жүру мүмкін емес еді. Машақаты көп жұмыстан қажып, басқа салаға ауысып кеткен әріпттеріміз де болды», – деп Азат Баймұханов өткен жылдарды еске алды.

Сондай-ақ ардагер мұнайшы кен орнын игеру жылдарында жергілікті мамандар аз болғанын айтады. Вахтаға жұмысшылардың басым бөлігі Ресейдің Краснодар аймағынан ұшып келетін болған. Сол жылдары жұмысқа енді кіріс кен Азат Баймұханов ресейлік әріптестерімен тәжірибе алмасып, біліктілігін арттырды. Кез келген істі бастау әрдайым қиын, ал үлкен кен орнын жаңадан жабдықтау көп еңбекті қажет етті.



Азат Баймұханов күніне бірнеше рет топтық өндірістік қондырғыларды айналып өтіп, тексеріп шығады. Яғни, ол мұнай мен газдың бөліну процесін, сонымен қатар, барлық құрылғылардың көрсеткіштерін бақылайды. Газдан бөлінген өнім жинақталған соң мұнай дайындау және айдау цехына жөнелтіледі.

Мұнай өндіру цехының атқаратын түрлі функциялары бар: мұнай жинауға арналған жабдықты енгізу, мұнай ұңғымасының жұмыс жағдайын бақылау, ұйымдастыру және техникалық шараларды жоспарлау мен жүргізу. Бұл толық функционалдылықтан алыс, бірақ басты міндет – өндіру процесін бақылау және жүзеге асыру. Кен орнының негізгі цехтардың бірі саналатын бұл аумақта 1765 ұңғыма бар. Бүгінгі таңда 1652 ұңғыма үздіксіз өндіруді қамтамасыз етеді. № 2 мұнай өндіру цехына белгіленген тәуліктік норма 4738 тонна мұнай жоспарын асыра орындап, 4741 тоннаға дейін жеткізіп жүр.

Азат Баймұханов еңбек ететін № 2 мұнай өндіру цехында 12 бригада, 340-тан астам жұмысшы бар. Барлығы бір баудың ағашындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті жұмыс істеп, ел игілігі үшін күні-түні тер төгеді. Бұл көрсеткіштердің артында жұмысшылардың бір мақсатқа біріктірілген керемет жұмысы тұр. Осы жетістіктерге қарап, Азат Баймұханов Қаражанбас тарихындағы алғашқы миллионыншы тонна мұнай өндіруге қалай қатысқанын мақтанышпен еске алады. Оның барлық әріптестері үшін ертеден келе жатқан ардагер мен иық тіресе жұмыс істеу үлкен мәртебе. Олар мұны еңбекқорлық пен кәсібиліктің жарқын үлгісі деп санайды.

Батырбек Кенжеғалиев – № 2 мұнай өндіру цехының операторы: *«Біз Азат ағаман 11 жылдан бері бірге жұмыс істейміз. Ол бізге үлгі болатын бірегей жан. Қызметтегі кәсібилігінен бөлек, адамгершілік жағынан да қайталанбас тұлға десек артық болмас. Үнемі ақылдан айтып, білмегенімізге бағдар беріп отырады. Онымен қоса ол кісінің тұрақтылығына тәнтіміз.*



Себебі 40 жылдай бір жерде қызмет ету кез келген адамның қолынан келе бермейді. Жайсаң мінезі мен, асқан шеберлігімен көпке сыйлы Азат ағамыз нағыз өз ісінің шебері».

Азат Баймұхановпен қатар еңбек еткен мұнайшылардың көпшілігі бүгінде құрметті демалыста. Солардың жолымен кейіпкеріміздің өзі де бірнеше жылдан кейін зейнеткерлер қатарына қосылады. Білікті маман еңбек демалысына еш алаңсыз кететініне қуанышты. Себебі Қаражанбастай алып кен орнын да оның жолын кәсіби және өршіл мамандар жалғастырады.

«Технология дамыған сайын, жастар бәсекеге қабілетті болуы керек деп ойлаймын. Ал Қаражанбаста ондай мамандар өте көп. Қатарымызға қосылып, қызметке араласқан әр маманға қолымыздан келгенше көмек беріп, білмегенін үйреттік. Қазір кен орнындағы қызметкерлер бәрін біледі. Сондықтан да біз сияқты зейнетке шыққалы жүрген аға буынға алаң болатындай еш негіз жоқ».

Өткен жылы Қаражанбаста игеру жұмыстарының басталғанына 40 жыл толды. Тарих үшін бұл қас қағым сәт болса да, осы уақыт ішінде бір ұнғымадан ірі кәсіпорын қалыптасты. Маңызды жұмысқа мындаған адам аянбай тер төкті. Дегенмен өндірісте басынан бастап бүгінгі күнге дейін тер төккендердің қатары аз.

Кен орнына, өз қызметіне деген адалдығының арқасында Азат Баймұханов 38 жылдан бері өмірін осы салаға арнады. Оның көпжылдық еңбек жолы – Қаражанбас тарихында алтын әріппен жазылмақ.



ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАРАЖАНБАС: КЕН ОРНЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда Маңғыстау облысы қыс мезгіліндегі ауа райымен ерекшеленеді. Қазақстанның өзге облыстары мен қалалары қалың қарға оранған шақта мұнайлы мекен халқы да ақ ұлпаны асыға күтеді.

Бұрынғыдан өзгереді жайт, Қаражанбасты жыл басынан бері қалың қар баспады. Есесіне маң далада Маңғыстаудың салқын желі «ысқырып» тұр.

Ауа райы алуан түрлі күйге енсе де, қара алтын өндіретін кен орнындағы тынымсыз тіршілік ешқашан тоқтамайды.





ПРЕДУПРЕДИТЬ – ЗНАЧИТ ЗАЩИТИТЬ: АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ ГРУППЫ КОМПАНИЙ «КАРАЖАНБАС»

ВАО «Каражанбасмунай» (далее – Общество, КБМ) с момента объявления режима повышенной готовности для предотвращения распространения коронавирусной инфекции разработан Алгоритм действий группы компаний КБМ и подрядных организаций на месторождении. Благодаря целому комплексу мер, во время первой вспышки, оперативному штабу Общества удалось погасить очаги инфекции. По сей день Общество продолжает работу в рамках Алгоритма и строго следит за неукоснительным соблюдением всех карантинных предписаний.

С наступлением зимнего периода в качестве превентивных мер внедрен так называемый «Зимний алгоритм действий», который предусматривает усиление карантинных мер и включает следующие мероприятия:

Масштабная дезинфекция. Работы в этом направлении проводятся 2 раза в сутки. Дезинфекторы обрабатывают все транспортные средства при выезде на месторождение, а также территории вокруг столовых, цеха, дороги, все другие объекты.

Социальная дистанция. Все совещания проводятся в дистанционном формате посредством Skype, конференц-связи. Нанесена разметка для соблюдения социальной дистанции в столовых.

Дезинфекция транспорта. Одним из методов профилактики является санитарно-противоэпидемическая обработка транспорта. Перед выездом на смену автобусы тщательно обрабатываются обеззараживающим составом при помощи распылителя.

Бесконтактный замер температуры. Всем работникам, входящим на месторождение, проводится бесконтактный замер температуры, разработан алгоритм действия при обнаружении работников с повышенной температурой.

ПЦР-тестирование. Перед заступлением на вахту и после нее все работники сдают ПЦР-тесты.

Маски. Для работников Группы компаний «Каражанбас» с начала пандемии было приобретено 492 тысячи 711 шт. многоразовых масок. Они имеют фильтрующий слой и рассчитаны на 4-5 часов непрерывной носки.

На текущий момент Рабочий орган Оперативного штаба осуществляет следующие задачи:

- мониторинг и анализ развивающейся ситуации по КВИ;
- контроль пропускного режима на/из территорию месторождения;



- планирование и проведение смены вахты;
- организация ПЦР и дальнейшее разрешение доступа на месторождение;
- ежедневный контроль состояния здоровья работников;
- поддержание связи с государственными надзорными органами;
- и другие необходимые меры для недопущения распространения КВИ на месторождении.

С марта 2020 г. по сей день всего проведено 34 937 анализов.

«На сегодняшний день месторождение продолжает функционировать в плановом режиме. Члены Оперативного штаба ежедневно мониторят ситуацию на производстве и проверяют готовность к борьбе с КВИ на объектах Общества и подрядных организаций», отметил ведущий специалист гражданской обороны Департамента безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды и охраны здоровья АО «Каражанбасмунай» Ерман Омаров.

Здоровье и безопасность работников – превыше всего, поэтому реализация разработанного четкого плана действий находится на постоянном контроле.

БІЗДІҢ ӘРІШТЕС: «АЛТЫН ҚОЛДЫ» АВТОЭЛЕКТРИК



Кен орнында қызмет ететін әр жұмысшының жүрегі кен. Себебі олар мамандығын мақтаншы ете отырып, әр жұмыс күніне мерекеге барардай асығады. Әріптестерімен туған бауырдай етене жақын араласып, үлкені ағалық ақылын аямаса, кішісі інілік ізеттілік танытудан жалықпайды.

Ұжымға үлгі болып, жастарға көрген-білгенін үйретуге барын салатын білікті маманның бірі – «Технологиялық көлікті басқару және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС-нің алтыншы дәрежелі автомеханигі Кибасов Түркенбай Оразбайұлы.

1961 жылы Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылында дүниеге келген, ол 2004 жылдан бері Қаражанбас кен орнында қызмет етеді. Қара алтын игеру жолындағы 17 жыл ішінде өзін тек қана жақсы қырынан көрсете білген маман, техникалық сауаттылығы жағынан жоғары бағаға ие.

«Кейде уақыттың жеуіріктігіне қайран қаламын. Қаражанбасқа күні кеше қадам басқан сияқты едім. Кезді ашып-жұмысқа 17 жыл уақыт өтті. Ұжымдағы жігіттермен бір үйдің баласындай тату әрі қамқормыз. Барлығы «ағалап» тұрады. Олардың бауырмалдығы жанымға жылулық береді. Бұл да маған жаратқан берілген үлкен бақыт деп білемін», – дейді ол.

Автоэлектриктің аналитикалық, логикалық және техникалық ойлау дағдысы ерекше дамыған болуы керек. Себебі кен орнында көлік үнемі қозғалыста. Ал техникада ток жағынан мәселе туындаса, Түркенбай Кибасов сияқты мамандардың көмегі ауадай қажет. Оның саусағының ұшы тиген көлік кен орнында құстай ұшады. Себебі қызмет барысында әр құралына қамқорлықпен, сайманына сүйсіспеншілікпен қарап, ұқыпты ұстауға тырысады.

«Әсіресе қыс мезгілінде көліктердің оталмай қалу жағдайы жүйеліді ғой. Бұл менің жұмысымдағы үнемі кездесетін іс. Оның неден болғанын анықтап, жөндеп, көлікті қатарға қосу менің тікелей міндетім. Өз жұмысым өзіме қатты ұнайды. Бір жағынан Қаражанбастағы әр техникаға ерекше құрметпен, қамқорлықпен қараймын. Себебі жанашырлық танытпаған кезде жұмыс алға баспайды», – деп атап өтті Түркенбай Кибасов.

Жастарға үлгі, ұжымда абыройлы азамат 2021 жылдың қаңтар айында 60 жастың асқарына шықты. Ел игілігі үшін Қаражанбас кен орнында күні-түні қалтқысыз қызмет етіп жүрген жанымыздағы жақсы адамға мықты денсаулық, абыройының асқақтай беруін тілейміз!



СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ: ВАЛЕНТИН ТОКАРЕВТЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Қаражанбас кен орнындағы ең алғашқы К-12 ұңғымасынан мұнай атқылауға себепкер болған команда мүшелерінің ерен еңбегін қанша жырласақ та артық етпейді. Өзіміздің дара классик жазушымыз Әбіш Кекілбаев атап өткендей, бұл адамдар – әлем картасына жана мұнайлы нүктені бекіте отырып, ұшы-қиырсыз Маңғыстау даласына екінші тыныс сыйлағандар. Олардың көпшілігі арамызда жоқ, дегенмен Қазақстан мұнай тарихынан ойып тұрып орын алған есімдері естен ешқашан да шықпак емес. «Суреттер сыр шертеді» айдарының кезекті ба-сылымында танымал геолог, тұңғыш ашушы Валентин Токаревтың еңбек жолын баяндамақпыз.

Ол 1925 жылы Маңғыстауда дүниеге келген. Грозный мұнай институтын бітіріп, Батыс Қазақстанға жолдамамен жіберілген. Еңбек жолын 1943 жылы Атыраудағы мұнай өңдеу зауытының құрылысынан бастады. 1952 жылы «Қазақстанмұнай барлау»

трестінің кеңсесіне геолог ретінде ауысты. 1957-1989 жылдар аралығында «Маңғышлақмұнайгазбарлау» трестінде бас геолог қызметінде болды.

1960 жылдары Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты (ВНИГРИ) геологтары Бозашы түбегінің батыс бөлігінен 1200 м тереңдіктен геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылауды бастаған болатын. Дегенмен межелеген тереңдікке бойлай алмай, жұмыс тоқтап қалған еді. Геологтардың Бозашы түбегінің болашағынан үміт күтуге болмайды деген қатаң мәлідемесіне карамастан Әділ Нұрманов бастаған команда 1970 жыл дары зерттеу жұмыстарын жандандырады. Команда құрамында біздің айдарымыздың кейіпкері - Валентин Токарев те болатын.

Түбегті тиянақты зерттеу нәтижесінде талаптылар тобы ақ сортаңның үстінде 1,5 м биіктікте түзілген бірнеше төбелерді байқады.

Оларды бұл төбелерден бөлінетін газ түріндегі судың ақ сортаңға сіңіп жатқаны қызықтырды. Бұл геология тілімен айтқанда микро-вулканизм құбылысы еді. Геология саласындағы танымал ғалымдар осындай төбелерді алқаптың мұнай мен газ қоры сақталған төменгі қабаттарынан табуға болады деген шешімге келді.

Бұл аймақ – сол жылдары СССР Қорғаныс Министрлігінің еншісіндегі сынақтық полигонға кіретін аймақ еді және ол жерде бұрғылау жұмыстарын жүргізуге қатаң тыйым салынған болатын. Сол тұста трест басшысы әрі бас геолог қызметіндегі Валентин Токарев полигон бастығымен кездесіп, мәселені талқыға салған болатын. Полигон басшысы да трест басшысының көздеген максатын жете ұғына білді, сөйтіп В. Токарев Қаражанбаста бірнеше барлау ұңғымасын бұрғылаудағы жауапкершілікті толықтай өз басына алған болатын. Барлаушы топ әскери

дайындықтан тыс уақытта ғана өз жұмысын атқаруы керек болатын, өйткені бұл – келісім барысында қойылған шарт еді.

Әскери бөлім басшысының түсіністікпен қарауының нәтижесінде бұрғылауды Солтүстік Бозашыдан бастау туралы шешім қабылданды.

Бұл 1974 жылдың басы еді. Геологтар болашақ ұңғымалардың орнын белгіледі. Жобаға сай, осы аймақта тереңдігі шамалы 12 барлау ұңғымасы бұрғыланды, олар бір қатарға төртеуден орналастырылған болатын. Бұрғылауды ортаңғы ұңғымадан бастау керек деп шешілді.

Ол ұңғыманың шартты атауы - К-12 еді. Осы күннен бастап Маңғыстаудың «Қаражанбас» деген атпен екінші тынысы ашылды.

Сөйтіп, Валентин Токарев жаңа кен орнын іздеуге және игеруге өзінің баға жетпес үлесін қосқан болатын. Ол өзінің жеке жауапкершілігімен мұнай және газдың өндірістік қорының өсуіндегі жоспарлық көрсеткіштерді орындау барысында да көп жұмыстанған маман. Тұңғыш ашушы, әрі геолог ретінде мұнай-газ саласының тарихына өшпес те жарқын із қалдырды.



ЖАСТАРДАН ЖЫР ЭСТАФЕТАСЫ

Қара сөздің қадірін білетін әр қазақ баласы ақын өлеңдерімен су-сындап, жазушы шығармаларының шуағына шомылып өсері хақ.

Өмір жолын өндіріспен өрген мұнайшы жастар туғанына 175 жыл толғалы отырған қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасын да естен шығарған жоқ.

«Қаражанбасмұнай» АҚ жас мамандар кеңесі мүшелері ғұмыры бір ғасырға жуықтаған өлең-сөздің дүлділі, жыршы, жырау Жамбыл Жабаевтың поэзиясын парактап, көңілге қонған шумақтарынан эстафета бастады. «Қайта келген жастық» өлеңінің өз мәнерімен кезектесе жатқа оқыған олардың бойынан нағыз жастық жігерді байқауға болады.

«Қара алтын игеру жолында жүрген жастардың да өлеңге, қара сөзге деген құрметі ерекше. Ұжымда шығармашылық қабілеті жоғары жастар өте көп. Бастап отырған эстафетамыз осындай мамандардың ықыластық танытуынан жүзеге асып отыр. Бұған дейін де, тек Жамбыл атамыз емес, басқа ақындардың өлеңін оқып жүрміз. Осындай эстафеталар ды өзге де әріптестеріміз бір ауыздан қолдап, жаластыратынына сеніміміз мол», - дейді № 2 мұнай өндіру цехының шебері Абзал Ешекенов.

Жыр эстафетасының жалауын көтерген жастардың бейнеролигін компанияның ресми сайтынан көруге болады.





Құттықтау

Қаңтар айының мерейтой иелерін құттықтаймыз!



02.01.1961 ж. **Жанұзақов Жексенбай**, жылу және сумен қамту цехы инженер-технологы
12.01.1961 ж. **Кайбалдиев Меллат Аманжолович**, бұрғылау жұмыстарын және ұңғыларды жер асты және күрделі жөндеу жұмыстарын бақылау қызметі жетекші инженері
25.01.1961 ж. **Шәдібаев Бақтығали Откілбайұлы**, жылу және сумен қамту цехы тазарту құрылыстарының операторы



03.01.1971 ж. **Ходжабек Берик Силаханұлы**, қабат қысымын ұстау цехы сорап қондырғыларының машинисі
03.01.1971 ж. **Утегенова Саняя Бектурдыевна**, тауарларды есептеу және ішкі тексеріс тобы инженері
09.01.1971 ж. **Кубіков Бекіш Нұршабайұлы**, электр жабдықты жөндеу және құрастыру электрмонтері
13.01.1971 ж. **Абишев Сарсен Бисенович**, газ жабдығын пайдалану және жөндеу слесарі
17.01.1971 ж. **Манғыбаев Арғын Жангирханович**, қабат қысымын ұстау цехы бастығы
19.01.1971 ж. **Панабеков Берик Қуанышович**, жетекші жобалаушы-инженері
19.01.1971 ж. **Абилова Светлана Усеновна**, кен орнындағы есептеу тобы есепшісі
20.01.1971 ж. **Кокеев Бекболат Избергенович**, технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі
27.01.1971 ж. **Кожасқыметов Балмурза Сулейменович**, тұрғын-жаймен қамтамасыз ету учаскесі бастығы
30.01.1971 ж. **Қобланұлы Жалғас**, қойма меңгерушісі

Құрметті мерейтой иелері!

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп.
Шаттықпенен шұғыла таң арайлап,
Бұл өмірде көріңіз тек жақсылық!

КОРОНАВИРУСТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНЫП ЖҮРСІЗ?

Алты құрлықты аландатып, тұтас әлем халқын әбігерге салған коронавирус індетінен әлі де болса қауіп көп. Денсаулыққа қамқорлықпен қарауды қажет ететін қиын шақта, қарапайым ережелерді сақтаудың өзі адамзаттың саулығына сүбелі үлес қосқанментен.

Аталған вирустың әсері жөтел, қызу көтерілу, күрделі жағдайларда өкпе қабынуы секілді белгілерімен респираторлық тұмау ауруларының дамуына әкеледі. Индет көп жағдайда ауру жұқтырған адамдармен байла нысқандарға бірден жабысады.

Коронавирус адамның өкпе жолдарын зақымдайды. Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының көтерілуі, тамақ ауруы, жөтелу, тыныс алудың қиындауынан басталады.

Жаһандық ғалымдардың зерттеуінше, аурудың белгілері шамамен 5 күннен кейін біліне бастайды екен. Кей адамдарда бұл кезең одан ұзақ болуы мүмкін. БДҰ мәлідемесі бойынша, инкубациялық кезең 14 күнге дейін созылады. Өзге де дәрігерлердің анықтамасы бойынша бұл кезең 24 күнге дейін созылуы мүмкін.

Осы орайда сіздерге коронавирустан қорғануға қажетті ережелерді тағы да ұсынғалы отырмыз:

- Қолды өте жиі, кем дегенде 20 секунд бойы сабындап жуу қажет. Қолдағы микробтарды өлтіру үшін антисептикті де пайдалануға әбден болады;
 - Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын-аузыңызды қағаз майлықпен не шынтағыңызбен жабыңыз. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастап, қолыңызды жуыңыз;
 - Қолыңызды көзіңізге, мұрныңызға және аузыңызға тигізбеңіз, бұлар вирустың «кіріс қақпасы» саналады;
 - Жөтел, жоғары температура және тыныс алу мүшелері ауруларының басқа симптомдары бар адамдардан алшақ жүріңіз;
 - Адам көп жиналатын қоғамдық орындарға, тойлар мен жиындарға бармай, үйде отыруға тырысыңыз;
 - Адамдармен қол алыспай, қашықтан амандасқан жөн;
 - Үйдің терезесін жиі ашып, ауаны тазартып тұрыңыз;
 - Қоғамдық көлікті жиі пайдаланбаған жөн;
 - Қолма-қол ақшадан бас тартып, төлемді мүмкіндігінше банк картасы арқылы жасаңыз;
 - Отырған бөлмені жиі желдетіңіз;
 - Табиғат пен фермалардағы жануарлардан аулақ жүріңіз;
 - Ет пен жұмыртқаны ұзақ уақыт қайнатып не пісіріңіз, яғни, шала піскен күйінде тұтынбаңыз;
 - Температура көтерілгенде, жөтелгенде және тыныс алу қиындағанда дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз;
 - Имунитетіңізді нығайтып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтыныңыз.
- Көрсетілген қарапайым ережелерге бей-жай қарамаңыз. Өміріңізді сақтауға өз жауапкершілігіңіздің басым екенін естен шығармаңыз. Коронавируспен көпшілік болып күресу қажет. Сонда ғана нәтижеге тез жетуге болады.



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы: «Қаражанбасмұнай» АҚ
Мекенжайы: 130000
Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы,
12 шағын аудан, 74/1 ғимарат



Шығарылымға жауаптылар:

Қаражанов Р.Ж. – Әлеуметтік және әкімшілік-шаруашылық жұмыс департаментінің директоры,
Телефон: 8 (7292) 473880, E-mail: R_Karazhanov@kbn.kz

Рысанова Г.Б. – Әлеуметтік және әкімшілік-шаруашылық жұмыс департаментінің бөлім басшысы
Телефон: 8 (7292) 473140, E-mail: G_Riszhanova@kbn.kz

Шаршова Е.А. – «Қаражанбасмұнай» АҚ баспасөз хатшысы
Телефон: 8 (7292) 473002, E-mail: Y_Sharshova@kbn.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№ 15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады.
Таралымы 1 000 дана.

Газет ЖШС «Ali Systems» басылды.
Нұр-Сұлтан қаласы,
Желтоқсан көшесі, 32/3 ғимарат
Тел.: 8 701 999 01 53